

**Павлодар облысы, Ертіс ауданының
«Балалар шығармашылық және бос уақытты қамту орталығы» КММ-
нің 2025 жыл бойынша мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі
есебі**

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына сәйкес «Балалар шығармашылық және бос уақытты қамту орталығы» КММ-де 1 мемлекеттік қызмет көрсетілді:

1.«Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау».

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша халықты ақпараттандырудың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Балалар шығармашылық және бос уақытты қамту орталығында (қағидалар, жұмыс кестесі, өтініш үлгілері) ақпараттық стенд орнастырылған.

2025–2026 оқу жылында «Балалар шығармашылық және бос уақытты қамту орталығы» КММ қосымша білім беру ұйымдарына балаларды қабылдау және оқуға қабылдау жұмыстарын жүргізді. Өтініштер қағаз түрінде қабылданады. 2026 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша барлығы 525 өтініш қабылданды. Оның ішінде бірінші оқу жылына қабылданған балалар саны – 162.

Барлық мемлекеттік қызметтер 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтердің көрсетілуіне жүргізілген ішкі бақылау нәтижелері бойынша 2025 жылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерінің бұзылуы тіркелген жоқ.

Мемлекеттік қызметтердің сапасы мен уақтылы көрсетілуін одан әрі арттыру мәселелері тұрақты бақылауда ұсталады, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінің бұзылуына жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдануда.

2025 жылы мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымдар түскен жоқ.